



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 14 қараша

Жыл сайынғы кіші және орта жастағы балаларға Орталық С. Бегалин атындағы қалалық Кітапханадағы мерекелік шара туралы

2017 жылғы 14 қарашада Ұлттық Валюта Күні және Қаржыгерлер Күні қарсаңында ҚР Ұлттық Банкінің қолдауымен С. Бегалин атындағы Орталық қалалық кітапханасында кіші және орта жастағы балаларға арналған жыл сайынғы дәстүрлі іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты экономикалық білімді қалыптастыру, ақшаның пайда болуын және пайдаланылуын, сондай-ақ оның заманауи жағдайдағы рөлін түсіндіру болды.

Бұл іс-шара «*Ғасыр қазынасы – теңге*» ойын-викторинасының форматында өткізілді, онда 2-ші және 6-шы сынып оқушылары ойындар мен викториналар түрінде мемлекеттік тілде және орыс тілінде тапсырмалар орындады. ҚР Ұлттық Банкінің қызметкерлері теңгенің пайда болу тарихы және ұлттық валютаны ресімдеу және номиналдары туралы айтып берді. Іс-шара 2 алаңда өтті, онда балалар белгілі бір тапсырмаларды орындады: «Ертегі кейіпкерінің орнына ақша төле» викторинасы, сұрақтары бар викторина (неге Қазақстанның валютасын теңге деп атады? Алғашқы купюралар Қазақстанда басып шығарылды ма? және т.б.), «Бәйтерек» жинақ сандықшасы бар тапсырма, онда оқушылар монеталарға ұлттық валюта – теңгенің ел тарихындағы рөлі туралы, ҚР Президентіне және халқына тілектері туралы жазды.

Тапсырмаларды орындау аяқталғаннан кейін ҚР Ұлттық Банкінің қызметкерлері балаларға сыйлықтар тапсырды: «Ақша тарихы» балалар кітаптары, мемлекеттік тілде және орыс тілінде «ОЙЛА» балалар басылымының журналдары, сондай-ақ мемлекеттік тілде және орыс тілінде мектептерге арналған жылдық жазылымдар және басқа да сыйлықтар.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz